

Turkic Weekly

2017/93



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ





TURKIC WEEKLY 2017 42 (93) (11-17 желтоқсан)

Turkic Weekly Түркі әлеміндегі ең маңызды оқиғалардың апталық шолуын ұсынады. **Turkic Weekly** түркітілдес мемлекеттердің ағымдағы өзекті мәселелері бойынша уақтылы ақпарат беріп, объективті талдау жасайды.

Turkic Weekly – Халықаралық Түркі академиясы шығаратын апталық ақпарат-сараптамалық дайджест.



ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІН ТОЙЛАДЫ

Қазақстан Республикасы 16-шы желтоқсан күні Тәуелсіздік күнін атап өтті. Ұлық мерекеге орай Қазақстанның астанасында және басқа қалаларында мерекелік іс-шаралар болып өтті.

15-ші желтоқсан күні Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен салтанатты қабылдау болды. Мемлекет басшысы жиынға қатысушыларды және Қазақстан халқын ұлттық мерекеміз – Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

«Бұл күні уақыт өлшеміне бағына қоймайтын мақтаныш, қуаныш пен толқыныс өзара үйлесім тауып, ерекше сезімге бөлейді», – деді Қазақстан президенті.

Елбасы тәуелсіздік жылдарында Қазақстан жылдам өсуге қол жеткізіп қана қоймай, алдағы уақытта орнықты даму үшін берік негіз қалағанын айтты. Сонымен бірге, «Нұрлы жол» бағдарламасы келешектің инфрақұрылымдық дайындығын қамтамасыз еткен әрі дағдарысқа қарсы шешім болғаны атап өтілді.

Салтанатты жиында сондай-ақ, Қазақстан халқының саны бірінші рет 18 миллионнан асқаны, бала туу көрсеткіші бір жарым есе өскені жайлы айтылды. Қазақстан биыл бастауыш білім беруді қамту ауқымы жөнінен әлем бойынша төртінші орынға шыққан.

Нұрсұлтан Назарбаев «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру мәселесіне жеке тоқталды.

Соңында Қазақстан Президенті қатысушыларды Тәуелсіздік күнімен тағы да құттықтап, саяси тұрақтылық, қоғам мен халқымыздың бірлігі үшін жүргізіліп жатқан саясатқа толық қолдау көрсету еліміздің табысты болуының басты кепілі екенін атап өтті.

Бұдан бөлек, сол күні мемлекеттік наградалар мен сыйлықтар тапсыру рәсімі болып өтті. Осылайша, биыл «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы Ахметжан Есімовке берілді. «Ол менің сенімді серіктерімнің бірі ретінде Тәуелсіз Қазақстанның іргесін қалауға зор үлес қосты», – деді Н.Назарбаев.

Сонымен қатар, өзге сала мамандары «Отан», «Барыс», «Еңбек Даңқы» ордендерімен марапатталды.

Естеріңізге сала кетейік, осыдан 26 жыл бұрын, 1991 жылдың 16-шы желтоқсан күні Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған болатын. Дәл сол күні «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң күшіне енген.



ЫСТАМБҰЛДА ИЫҰ-ҒА МҮШЕ

МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ АРНАЙЫ САММИТІ ӨТКІЗІЛДІ

Есеп беру кезеңінде Ыстамбұлда Ислам Ынтымақтастығы Ұйымының (ИЫҰ) кезектен тыс саммиті өтті. Түркия бастамасы бойынша шақырылған саммит қатысушылары, Израильдің астанасын Иерусалим деп тану туралы АҚШ президенті Дональд Трамптың шешімі аясында Таяу Шығыстағы жағдайды талқылады. Мұсылман елдерінің көшбасшылары осы мәселе бойынша қажетті қадамдарды талқылады.

Кездесуге 48 елдің өкілдері, оның ішінде 16 елдің мемлекет басшылары (Ауғанстан, Әзербайжан, Бангладеш, Индонезия, Палестина, Гвинея, Иран, Катар, Кувейт, Ливия, Ливан, Сомали, Судан, Того, Иордания және Йемен) қатысты. Джибути, Малайзия және Пәкістан премьер-министрлер деңгейінде, Комор Аралдары мемлекеттік хатшы деңгейінде, Оман вице-премьер деңгейінде, ал Қазақстан мен Өзбекстан Парламент спикерлері деңгейінде қатысты.

Айта кету керек, Түркия тарабы АҚШ президентінің мәлімдемесіне бірінші болып жауап берген болатын.

Осылайша, Түркия Сыртқы істер министрі Мевлют Чавушоғлу: «Біз бұл жағдайда үнсіз қала алмаймыз. Біз АҚШ-тың Иерусалим туралы шешімін мойындамаймыз. Біз Шығыс Иерусалимді Палестина астанасы деп санаймыз. 1967 жылғы шекаралар шеңберінде басқа мемлекеттердің Палестина астанасы Шығыс Иерусалим деп таныған шешіміне сүйенуіміз керек», - деп мәлімдеген.

ИЫҰ отырысының қорытындысы бойынша қатысушы мемлекеттер Шығыс Иерусалимді Палестина астанасы деп мойындады, сонымен бірге Құрама Штаттардың Таяу Шығыстағы қақтығысты реттеудегі өз мәртебесін жоғалтқанын атап өтті.

Саммиттің соңында қабылданған Ыстамбұл декларациясында ИЫҰ барлық елдерді «Шығыс Иерусалимді Палестина мемлекетінің басып алынған астанасы ретінде тануға» шақырды.

Қарарда айтылғандай, Құрама Штаттар Таяу Шығыстағы медиатор ролін жоғалтты. ИЫҰ Вашингтонды Израильдің астанасы ретінде Иерусалимді тану туралы шешім қабылдауға шақырды, бұлай болмаған жағдайда барлық салдар үшін АҚШ жауапты болатынын ескертті.

Декларацияда, егер БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Иерусалимдегі жағдайға қатысты әрекет етпесе, ИЫҰ елдері БҰҰ Бас Ассамблеясының талқылауына халықаралық құқықтың өрескел бұзылуы туралы мәселені енгізуге дайын екендігі жазылған.

Алдын белгілі болғандай, ИЫҰ саммитінде Палестина Автономиясының басшысы Абу Мазен (Махмуд Аббас) АҚШ президенті Дональд Трамптың Америка елшілігін Иерусалимге көшіру туралы шешіміне жауап ретінде әлемдік көшбасшыларды Израильді мойындаудан бас тартуға шақырды.

Айта кету керек, ИЫҰ саммитінде Қазақстан тарапынан Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов қатысты.

Саммиттің соңында Ыстамбұлда Түркия Республикасының президенті Р.Т. Ердоғанның баспасөз-мәслихаты өтті.

«Ыстамбұлдағы Ислам Ынтымақтастығы Ұйымының (ИЫҰ) тарихи саммиті Иерусалимді қорғай алатындардың бар екенін күллі әлемге паш етті», - деді Түркия президенті

Түркия президенті ИЫҰ-ға мүше мемлекеттер және үкімет басшылары өз позицияларын ұстанулары тиістігін атап өтті. «Иерусалим - мұсылмандар үшін қызыл сызық» - бұл бүкіл ислам әлемінің позициясы.

«Енді ИЫҰ елдерінің тұрғысынан Палестина астанасы Шығыс Иерусалим саналады, және солай болып қала береді», - деп атап өтті түрік көшбасшысы.



СОРОНБАЙ ЖЭЭНБЕКОВТЫҢ ӨЗБЕКСТАНҒА РЕСМИ САПАРЫ

13-ші желтоқсанда Қырғыз Республикасының президенті Сооронбай Жээнбеков Өзбекстан Республикасына ресми сапармен барды. Сапар барысында Қырғызстан президенті Өзбекстан Республикасының президенті Шавкат Мирзиеевпен шағын және кеңейтілген құрамда келіссөздер жүргізіп, бірқатар құжаттарға қол қойылды.

Сондай-ақ, премьер-министрмен, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Заң шығарушы палатасының төрағасымен кездесулер өткізілді.

Әріптесін қарсы алған Өзбекстан басшысы Ш.Мирзиеев Қырғызстанның Өзбекстанға ең жақын көрші екенін айтты. «Бізде шекаралар болмауы керек, ал біз мүлдем басқа деңгейде келешекке қадам басуымыз керек. Мен ортақ көзқарас таба алатынымызға сенімдімін және біз бар проблемаларды шешеміз. Әсіресе, шекара аудандарының тұрғындары шешім қабылдауды күтуде», - деді президент Ш. Мирзиеев.

Келіссөздер барысында тараптар Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан теміржолын салу жобасында бірлесіп жұмыс істеу туралы уағдаласты. Атап айтқанда, өзбек БАҚ-тың мәліметтері бойынша, осы жылдың 25-ші желтоқсанында екі елдің жұмыс топтары осы жобаның іске асырылу барысын талқылау үшін жиналады.

Бұдан басқа, 2021 жылға дейін экономикалық, ғылыми, техникалық және гуманитарлық ынтымақтастық туралы және жеңілдетілген кедендік дәліз құру жөніндегі келісімдерге қол қойылды. Су және энергетика секторындағы мәселелерді сындарлы шешуге қол жеткізу үшін су ресурстарын басқару жөніндегі бірлескен комиссия құру туралы шешім қабылданды және жақын арада оның отырысы өткізілетін болды.

Сондай-ақ, Ташкенттің Қырғызстан кәсіпкерлеріне 100 млн. доллар несие беретіні белгілі болды. Бұл қаражат өзбек өнімдерінің импорты үшін бөлінбек. Барлық несие желісі қаржы институттары арқылы өтеді, үкіметтер бұл несиелер бойынша ешқандай мемлекеттік кепілдеме алмайды. Жалпы, Қырғызстан мен Өзбекстан басшыларының кездесуі достық жағдайда өтті. Өз сөзінде С.Жээнбеков: «Бұрын біз дос едік, қазір стратегиялық серіктеспіз», - деді.

Өз кезегінде Өзбекстан президенті екі елдің азаматтарының өзара іс-қимылы үшін қолданыстағы шекараларды жоюға дайын екенін мәлімдеді. «Қырғыз-өзбек қарым-қатынасының тарихында мұндай жағдай болмаған. Біздің елдеріміз арасындағы тауар айналымы биылғы жылы 250 миллион долларды құрады. Біз тауар айналымын 500 млн долларға дейін жеткізгіміз келеді, - деді Ш.Мирзиеев.

Қырғыз Республикасының президенті С.Жээнбеков Қырғызстан мен Өзбекстан арасындағы мемлекетаралық қатынастардың өте жоғары деңгейге жеткенін атап өтті. «Ширек ғасыр бойы өткен жылдағыдай ештеңе жасалмады. Мемлекетіміздің жаңа президенті ретінде қол жеткізілген уағдаластықтардың әлі де жарамды екенін растағым келеді. Мен біздің халықтарымыздың игілігі үшін оларды іске асыруға бар күшімді саламын», - деп уәде етті С.Жээнбеков.

Жалпы алғанда, екіжақты келіссөздердің қорытындысы бойынша келесі құжаттарға қол қойылды: 2018-2021 жылдарға арналған экономикалық, ғылыми, техникалық және гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық бағдарлама; Тауарларды және көлік құралдарын ауыстыру кезінде кедендік операцияларды жүзеге асырудың оңайлатылған тәртібін ұйымдастыру туралы кеден органдарының арасындағы келісім (жеңілдетілген кедендік дәліз туралы мәселеге қатысты); Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы мен Қырғыз Республикасының Ұлттық ғылым академиясы арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісім; Екі мемлекеттің төтенше жағдайлар министрліктері арасында төтенше жағдайлардың алдын-алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық жөніндегі іс-шаралар жоспары; Кәсіподақ федерациясы арасындағы ынтымақтастық туралы келісім; Жастар мәселелеріне жауапты мемлекеттік органдар арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.



Түркі академиясы 2010 жылы Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия мемлекет басшылары тарапынан құрылды. Академия көне дәуірден қазіргі заманға дейінгі Түркі әлемінің тілдері, мәдениеті және тарихы бойынша жан-жақты зерттеулер жүргізіп, оларды үйлестіретін халықаралық ұйым. Түркі академиясы Түркі әлемін зерттейтін ғылыми-зерттеу және білім беру орталықтары арасында ынтымақтастықты арттыруға ықпал етеді.

www.twesco.org | 57-49-86

Тәуелсіздік даңғ., 57, Бейбітшілік және келісім сарайы
Астана, 010000 | Қазақстан

 @intturkicacadem

 <https://www.facebook.com/Intturkicacadem>